

Анықтама

«Мектебім – мейірім мекені» атты Білім күніне арналған салтанатты шара

Өткізілген күні: 02.09.2025ж

Өткізілген орны: Жайсаң арнайы білім беру ұйымы

Іс-шараның мақсаты:

Қатысушылар:

- 1-9 сынып оқушылары
- Мектеп мұғалімдері, тәрбиешілер мен әкімшілік құрамы
- Ата-аналар

Іс-шараның барысы:

1. Мерекелік ашылу салтанаты:

Салтанатты жиын мектеп алаңында ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріліп, Әнұран орындалды.

Құттықтау сөздер:

Мектеп директоры у.м.а А.К.Динасилова барша ұжымды, ата-аналар мен оқушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, білімнің маңыздылығы мен мектептің басты мақсаты – бала жүрегіне мейірім мен білім ұялату екенін атап өтті. Сонымен қатар, ұстаздар мен ата-аналар тарапынан да жылы лебіздер айтылды.

Алғашқы қоңырау:

1-сыныпқа жаңадан қабылданған бүлдіршіндерге ерекше назар аударылып, олардың алғашқы оқу күніне арналған құттықтау рәсімі ұйымдастырылды. Үлкен сынып оқушылары оларға ақ жол тіледі. Дәстүрлі «Алғашқы қоңырау» соғылып, жаңа оқу жылы ресми түрде басталды.

Концерттік бағдарлама:

Іс-шара оқушылар мен ұстаздардың қатысуымен өткен мерекелік концертпен жалғасты.

- Мұғалімдер де оқушылармен бірге өнер көрсетіп, мектептегі бірлік пен шығармашылық атмосфераны паш етті.

Сынып сағаттары:

Салтанатты шарадан кейін барлық сыныптарда “Мектебім – мейірім мекені” тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл сынып сағаттарында оқушылармен патриотизм, адамгершілік, достық, мейірім туралы мазмұнды пікір алмасулар жүргізілді.

Қортынды:

Бұл іс-шара оқушылар үшін ерекше әсерге толы мереке болды. Әсіресе мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге ұмытылмас естелік сыйлады. Оқушылар мен ата-аналар мектеп ұжымының ұйымдастырушылық шеберлігіне алғыс білдірді.

Шара барысында мектептің басты құндылығы – біліммен қатар мейірім мен ізгілік екенін тағы бір мәрте дәлелденді. Мектептің ұжымы жаңа оқу жылын көтеріңкі көңіл-күймен, жаңа мақсаттармен бастады.

Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Тегисбаева Г.Т.

Қолы: Тегисбаева Г.Т.

Күні: 02.09.2025 ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Денсаулық күні» іс-шарасы туралы

Өткізілген орны: «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы»КММ

Өткізілген күні: 15.09.2025ж

Мақсаты:

Оқушылар мен ұжым қызметкерлерін салауатты өмір салтын ұстануға баулу, денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру және спорттық белсенділікке ынталандыру.

Іс-шара барысы:

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында «Денсаулық күні» аталып өтті. Іс-шараға мектептің барлық қызметкерлері мен оқушылары белсене қатысты. Шара бағдарламасы аясында ересектер арасында қашықтыққа жүгіру жарысы ұйымдастырылып, қатысушылар өздерінің спорттық шеберліктерін көрсетті.

Сондай-ақ, оқушылар арасында да қашықтықтан жүгіру және әртүрлі эстафеталық ойындар өткізілді. Балалар спорттық белсенділік танытып, командалық рух пен бірлік сезімін көрсетті. Эстафеталық жарыстарда балалар жылдамдық пен шапшаңдықтарын байқатып, өзара әділ бәсекеге түсті.


Іс-шара соңында мектеп директоры қорытынды сөз сөйлеп, қатысушыларға алғысын білдірді. Жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапаттады.

Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Қатысушылар спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінді. Ұжым мен оқушылар арасында сергектік, ұйымшылдық және достық атмосфера орнады.

Қорытынды:

«Денсаулық күні» іс-шарасы өз мақсатына жетті. Мұндай шаралар алдағы уақытта да жүйелі түрде ұйымдастырылып, оқушылардың денсаулығын нығайту мен спортқа баулу бағытында жалғасын табатын болады.

Жауапты: ДТІЖО: Тегисбаева.Г.Т.

Қолы: 

Күні: 15.09.2025ж

2-Жүргізуші:

Жарыс заңы ежелден-

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену, жалықпау- ендеше, құрметті жарысқа қатысушылар Сіздерді жарыс алаңына шақырамыз.

1-Жүргізуші: Жарысымыздың алғашқы кезеңі барлығымыз бірге ФЛЕШМОБ билейміз.

2-Жүргізуші: Бүгінгі фестиваліміздің өту кезеңдері:

1.Жолдастық жүгіру: мұғалімдер, тәрбиешілер мен кіші қызметкерлер.

2.Эстафета: мұғалімдер, тәрбиешілер мен оқушылар.

3.Футбол: ер мұғалімдер мен оқушылар.

1-Жүргізуші: Бастауыш сынып оқушылары жетекшілерімен ойын алаңында боламыз.

2-Жүргізуші: Осымен фестиваліміздің ашылу салтанаты аяқталды, жарысқа қатысушыларға СӘТТІЛІК!

Анықтама

«Ұстаз – ұлы тұлға» атты салтанатты мерекелік шара

Өткізілген күні: 03.10.2025ж

Өткізілген орны: Жайсаң арнайы білім беру ұйымы мектеп акт залы

Іс-шараның мақсаты:

- Ұстаздар қауымына құрмет көрсету;
- Мұғалім мамандығының қоғамдағы рөлін дәріптеу;
- Оқушылардың ұстаздарға деген алғысы мен ризашылығын білдіру;
- Ұстаздар мен оқушылар арасындағы шығармашылық байланысты нығайту.

Қатысушылар:

- 1–9 сынып оқушылары
- Мектеп мұғалімдері
- Мектеп әкімшілігі
- Тәрбиешілер

Іс-шараның барысы:

1. Салтанатты ашылу:

Мерекелік шара мектептің акт залында ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны шырқалып, шара ресми түрде ашылды.

2. Құттықтау сөздер:

Алғашқы құттықтау сөз кезегі “Аманат” партиясының қоғамдық бірлестік басшысы Искарин Ануар Есимханұлына берілді.

Мектеп директоры у.м.а. А.К.Динасилова ұстаздар қауымын кәсіби мерекемен құттықтап, олардың білім саласына қосып жатқан еңбектерін ерекше атап өтті. Мұғалім – ел болашағын тәрбиелейтін ең жауапты мамандық иесі екені баса айтылды.

2. Концерттік бағдарлама:

Оқушылар тарапынан ұйымдастырылған мерекелік бағдарлама көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бағдарламада:

Тақпақтар оқу

Ән орындау

Би билеу

Ұстаздар жайлы бейнероликтер мен көріністер ұсынылды.


4. Ұстаздарды марапаттау:

Шара барысында білім мен тәрбие жолында аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар ұстаздарға білім бөлімі, өрлеу және облыстық кәсіподақ атынан алғыс хаттар мен марапаттар табысталды. Марапат алған ұстаздардың ішінде ұзақ жылдар қызмет еткендер, жаңашылдық танытқан педагогтар мен үлгілі сынып жетекшілері болды. Бұл – әрбір мұғалімнің еңбегіне деген зор құрметтің белгісі болды.

Іс-шараның нәтижесі мен маңыздылығы:

«Ұстаз – ұлы тұлға» атты бұл шара оқушылардың бойында ұстаздарға деген құрмет пен ризашылық сезімін оятты. Мұғалімдердің еңбегі бағаланып, олардың мәртебесі жоғары деңгейде насихатталды. Оқушылар мен ұстаздар арасындағы жылы қарым-қатынас нығая түсті. Мектеп ұжымы бұл мерекені рухани-мәдени мәні бар маңызды күн ретінде атап өтті.

Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Тегисбаева Г.Т.

Қолы: 

Күні: 03.10.2025 ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Алтын күз – Әсем күз»

Өткізілген орны: Жайсаң арнайы білім беру ұйымы АКТ залы

Күні: 10.10.2025ж

Қатысушылар: 1-9 сынып оқушылары, ұстаздар мен тәрбиешілер

Мақсаты:

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, күз мезгілінің ерекшеліктерін таныту, ұжымдық жұмысқа бейімдеу, эстетикалық тәрбие беру және еңбекке баулу.

Шара барысы:

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында дәстүрлі түрде өткізілетін «Алтын күз – Әсем күз» мерекелік шарасы биыл да жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мерекелік шараға 1-9 сынып оқушылары белсене қатысып, күз тақырыбындағы ән, би, ойындар арқылы өз өнерлерін көрсетті.

Шараға мұғалімдер мен тәрбиешілер де атсалысып, көркемдік бағытта ерекше үлес қосты. Әр сынып өзіне берілген тақырыпқа сай мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Шараның ең қызықты бөлімі – **көңілді ойындар мен жарыстар** болды. Ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бөлініп өткізілді:

Ойын түрлері:

- **«Картон жинау»** – оқушылар көз байлаулы күйде кәрзеңкеге картон тереді
- **«Күзгі эстафета»** – кедергілерден өтіп, қоларбамен күзгі жемістерді тасу
- **«Кім жылдам?»** – күзгі жапырақтарды желінуішпен жылжытып, мәреге жеткізу

Ойындарға барлық сыныптар қатысып, командалық рух пен тапқырлықтарын көрсетті. Әсіресе кіші сынып оқушылары ерекше белсенділік танытты.

Күзгі асар жәрмеңкесі:

Шара аясында **«Күзгі асар»** атты жәрмеңке ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде әр топ күзгі өнімдерден дайындалған қолөнер бұйымдарын ұсынды. Бұл жәрмеңке оқушыларды еңбекке баулып, бірлесе жұмыс жасауға және өз еңбегінің нәтижесін көрсетуге мүмкіндік берді.

Марапаттау бөлімі

Шара соңында белсенділік танытқан топтар мен тәрбиешілерге алғыс хаттар мен марапаттар табысталды:

Қорытынды:

«Алтын күз – Әсем күз» мерекелік шарасы ұйымшылдықпен, шығармашылықпен және ерекше көңіл-күймен өтті. Оқушылардың белсенділігі, тәрбиешілер мен мұғалімдердің атсалысуы мерекенің сәтті өтуіне себеп болды. Шара барысында оқушылар бір-бірін қолдап, топпен жұмыс істеудің маңызын сезінді. Бұл күн оқушылардың есінде ұзақ сақталатыны сөзсіз.

Жауапты: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Тегисбаева Г.Т.

Қолы: Мис

Күні: 10.10.2025 ж.

Анықтама

Республика күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді.

Өткізілген күні: 24.10.2025ж

Өткізілген орны: Жайсаң арнайы білім беру ұйымы мектеп акт залы

Іс-шараның мақсаты – оқушыларға отансүйгіштік сезім қалыптастыру, еліміздің тарихы мен тәуелсіздік құндылықтарын дәріптеу, ұйым ұжымының бірлігін нығайту болды.

Мереке салтанатты түрде **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен** ашылды. Әнұраннан кейін ұйым басшысы мен ұстаздар ұжымы қатысушыларды Республика күнімен құттықтап, мерекелік тілектерін білдірді.

Бағдарлама барысында мектеп оқушылары мен ұстаздар өз өнерлерін ортаға салып, патриоттық әндер шырқап, өлеңдер оқып, би биледі. Іс-шара соңында барлық қатысушылар бірігіп «**Атамекен**» әнін хормен орындады.

Мерекелік жиын барысында бірқатар қызметкерлер өздерінің еңбектегі жоғары көрсеткіштері мен ұйым өміріне белсенді қатысқаны үшін **марапатталды**.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар мен қызметкерлердің көңілінен шықты. Республика күніне арналған бұл мерекелік шара ұжымның рухын көтеріп, Отанға деген сүйіспеншілікті арттырды.

Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
Тегисбаева.Г.Т.

Қолы: 

Күні: 24.10.2025ж

Ведущий 2: Сегодняшний вечер – это не только праздник, но и возможность вспомнить историю, выразить любовь и гордость за свою страну.

Жүргізуші 1: Біздің бүгінгі мерекемізге, оқушыларымыз дайындаған такпактарын, қарсы алыңыздар!

Такпактар

Жүргізуші:

Қазақстан, Қазақстан – алтын күн,
Жанымызда жарылқайтын жарқын күн.
Атандың сен барлық әлем тілінде,
Атыменен «Қазақ» деген халқыңның.

Жүргізуші 1: Әр халық өз жан дүниесін музыка мен би арқылы жеткізеді. Сіздерді “Флешмоб” биін тамашалауға шақырамыз.

Жүргізуші:

Татулық бар, еңбек өмір тілегі,
Неге қажет даурықпа сөз, дүрлікпе.
Әнұран бар ұрпаққа өсиет шашқандай,
Теңгеміз бар тайға таңба басқандай.
Көк байрағым көкте биік желбіреп,
Бірлікке шақырып бізді жатқандай.

Жүргізуші: Бірлік, татулық, ынтымақ! Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі. Қазақстан Республикасы жүздеген ұл пен ұлыстың басын біріктіріп, ынтымағын жалғыстырып отырған Ұлы мемлекет.

Жүргізуші 1: Бүгін біз сіздермен бірге тарихымыздың маңызды беттерін еске түсірдік, Отанға деген сүйіспеншілікке толы өлеңдер мен әндерді тыңдап, билерді тамашаладық.

Ведущий 2: День Республики – это праздник свободы и единства народа, символ независимости и процветания Казахстана. Давайте вместе хранить и приумножать все то, что нам дарит наша Родина!

Қазақстан Республикасы күні құтты болсын!

Қорытынды ән шырқалады.

Ұзақбаев Мухамбетжан Едилбаевич “Атамекен”

«Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ

«Отбасым – бақыт мекені» тақырыбында 1–9 сынып аралығындағы оқушылармен сынып сағаттары өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушыларға отбасының қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын түсіндіру, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы өзара сыйластық пен мейірімді қарым-қатынасты қалыптастыру болды.

Сынып жетекшілері сабақ барысында оқушылармен бірге отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі, қамқорлығы, жауапкершілігі туралы әңгімелесті. Оқушылар өз отбасылары туралы әңгімелер айтып, суреттер мен шығармашылық жұмыстарын көрсетті. Кейбір сыныптарда бейнероликтер көрсетіліп, топтық ойындар мен сұрақ-жауап түріндегі танымдық тапсырмалар ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар отбасылық бірлік, татулық және өзара көмек тақырыптарында өз ойларын еркін жеткізіп, отбасына деген сүйіспеншілік сезімін білдірді.

Сынып сағаттары жоғары деңгейде өтті. Оқушылар белсенділік танытып, жақсы әсер алды.

Қорытынды:

«Отбасым – бақыт мекені» тақырыбындағы сынып сағаттары тәрбиелік мәні жоғары іс-шара ретінде оқушылардың бойында отбасына, ата-анасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттырды, отбасы құндылықтарын нығайтуға ықпал етті.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы 

Анықтама

Тақырыбы: «Біздің күшіміз – достық пен татулық» атты сынып сағаттарының өткізілуі туралы

Мақсаты: Оқушылар арасында достық, өзара сыйластық, татулық қарым-қатынасты нығайту, буллингтің алдын алу және толеранттылық мәдениетін қалыптастыру.

Өткізу орны: «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы»КММ

Қатысушылар: 1–4 сынып оқушылары

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында 1–4 сынып оқушылары арасында буллингтің алдын алу мақсатында «Біздің күшіміз – достық пен татулық» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Сабак барысында оқушыларға достық пен татулықтың маңызы туралы түсінік берілді, жақсы қарым-қатынас орнату жолдары талқыланды. Тренинг элементтері, топтық ойындар, сурет салу және әңгімелесу тәсілдері арқылы балалардың өзара қолдау көрсету, бір-біріне құрметпен қарау қабілеттері дамытылды.

Мұғалімдер буллинг пен агрессияның алдын алу жөнінде бейнероликтер көрсетіп, жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылардың эмоцияларын басқару және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырды.

Оқушылар белсенділік танытып, достық пен бірліктің мәнін ашатын суреттер мен ұрандар дайындады. Іс-шара соңында «Біз – тату сыныппыз!» атты шағын флешмоб ұйымдастырылды.

Нәтижесі:

Іс-шара нәтижесінде оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарып, бір-біріне құрмет пен сенім сезімдері нығая түсті. Буллингтің алдын алу бағытындағы түсініктері кеңейді, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы 

Анықтама

Тақырыбы: «Дос – сенің айнаң»

Жоба: «Досболайық»

Мақсаты: Жайсаң арнайы білім беру ұйымында сынып жетекшілер мен мемлекеттік органдармен ПД маманымен бірлесіп оқушылар арасында достық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бір-біріне құрметпен қарауға, өзара түсіністік пен қолдауға тәрбиелеу, сондай-ақ буллинг пен агрессияның алдын алу.

Қатысқан сыныптар: 5–9 сыныптар

«Досболайық» жобасы аясында 5–9 сынып оқушылары арасында «Дос – сенің айнаң» атты сынып сағаттары ұйымдастырылды. Сабақ барысында оқушылар достық, сыйластық, көмек, өзара түсіністік ұғымдары төңірегінде пікір алмасты.

Психолог пен сынып жетекшілердің жетекшілігімен интерактивті ойындар, тренингтер, жағдаяттық тапсырмалар және бейнероликтер көрсетілді.

Оқушылар өз достары туралы жылы сөздер айтып, «Нағыз дос қандай болуы керек?» тақырыбында топтық плакаттар қорғады.

Іс-шара барысында буллинг пен кибербуллингтің зияны туралы әңгіме жүргізіліп, олардың алдын алу жолдары түсіндірілді. Оқушылар достықтың адам өміріндегі маңызын ұғынып, өзара сыйластық пен бір-бірін қолдаудың құндылығын сезінді.

Нәтижесі:

- Оқушылар арасында жылы қарым-қатынас пен бір-біріне деген сенім нығайды;
- Буллингтің алдын алу бағытында түсініктері артты;
- Сыныптарда жағымды психологиялық ахуал қалыптасты..

Қорытынды:

«Дос – сенің айнаң» атты сынып сағаттары оқушылардың өзара қарым-қатынас мәдениетін дамытуға, достық пен мейірімділіктің маңызын түсінуге ықпал етті. Іс-шара мақсатына толық жетті және «Досболайық» жобасының тиімділігін арттырды.

Жауапты: ДТЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы Тегисбаева Г.Т.

Анықтама

Тақырыбы: «Қарияларға құрмет – ұрпақ парызы»

Мақсаты – оқушылардың үлкенді сыйлау, қарияларға құрмет көрсету, ұлттық салт-дәстүр мен адамгершілік құндылықтарға баулу болып табылады.

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында 1–9-сынып оқушылары арасында «Қарияларға құрмет – ұрпақ парызы» тақырыбында сыныптан тыс шаралар өткізілді.

шара барысында әр сынып өз кәсібіне сай түрлі мазмұндағы тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырды:

- 1–4 сыныптарда – «Әже – отбасының қазығы», «Атам мен әжем – асыл қазынам» атты әңгімелер, сурет көрмесі және тақпақ сайыстары өткізілді.
- 5–9 сыныптарда – «Қария – ел қазынасы» атты тәрбие сағаттары, бейнеролик көрсету ұйымдастырылды.

Сыныптан тыс шаралар жоғары деңгейде өтті. Оқушылар үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету дәстүрінің маңызын түсініп, адамгершілік және патриоттық сезімдерін нығайтты.

Қорытынды:

«Қарияларға құрмет – ұрпақ парызы» атты іс-шаралар кешені оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін арттыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға үлкен үлес қосты.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы Г.Т. Тегисбаева

АНЫҚТАМА

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында **Халықаралық толеранттылық күніне** орай және «**Буллингтен қорған**» тақырыбында жоспарлы түрде тәрбиелік-профилактикалық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – білім алушылар арасында толеранттылықты қалыптастыру, буллингтің алдын алу, бір-біріне құрметпен қарауға тәрбиелеу, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы көзқарас қалыптастыру және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.

Аталған іс-шараға сынып жетекшілер, мектеп психологы және әлеуметтік педагог бірлесе қатысты. Іс-шара барысында білім алушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері (физикалық, психологиялық, вербалды, кибербуллинг), буллингтің салдары және одан қорғану жолдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологы тарапынан психологиялық тренингтер, сергіту жаттығулары және жағдаяттық тапсырмалар ұйымдастырылып, оқушылардың өз ойларын еркін жеткізуіне, эмоцияларын басқаруына жағдай жасалды. Әлеуметтік педагог буллинг жағдайында кімге және қайда жүгіну керектігі, құқықтық жауапкершілік туралы мәлімет берді.

Сынып жетекшілер оқушылармен пікір алмасу, сұрақ-жауап және талқылау жұмыстарын жүргізіп, толерантты қарым-қатынастың маңыздылығын атап өтті. Іс-шара соңында оқушыларға достық, өзара сыйластық және қолдау көрсету тақырыптарында қорытынды ойлар айтылып, ұсыныстар берілді.

Өткізілген іс-шара білім алушылардың буллингке қарсы көзқарасын қалыптастыруға, толеранттылық деңгейін арттыруға және психологиялық қауіпсіз орта құруға оң әсерін тигізді.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы _____

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Республикам – мақтанышым»

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың туған еліне, рәміздеріне, тарихына деген сүйіспеншілігін арттыру, ел бірлігі мен патриоттық сезімдерін қалыптастыру болды

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында 1–9 сынып оқушылары арасында «Республикам – мақтанышым» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттар барысында видео роликтер, кинолар көрсетілді. Балалар әртүрлі тапсырмалар орындады.

Сынып сағаттары барысында оқушылар еліміздің жетістіктері мен танымал тұлғалары жайында мәліметтермен бөлісіп, өлеңдер оқыды, викториналар мен шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды.

Іс-шара барлық сыныптарда жоғары деңгейде өткізіліп, өз мақсатына жетті.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы Г.Т. Тегисбаева

АНЫҚТАМА

2025 жылғы 15 қарашада «Жайсаң арнайы білім беру ұйымы» КММ-де **Қазақстанның ұлттық валютасы – Теңге күніне** орай аясында 1–9 сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Әр сыныптың жетекшісі өз сабақтарында Қазақстанның ұлттық валютасының енгізілу тарихын, алғашқы теңге үлгілерін, олардың авторларын, теңгенің ел өміріндегі маңызын және қазіргі замандағы рөлін түсіндірді.

Негізгі мақсаты – оқушыларға ұлттық валюта тарихы туралы түсінік беру, отансүйгіштік сезімдерін арттыру, елдің экономикалық тәуелсіздігі мен қаржылық мәдениеті туралы білімдерін кеңейту болды.

Сынып сағаттары барысында:

- Тақырыптық бейнежазбалар көрсетілді;
- Теңгенің үлгілері мен ақшаның қорғаныш белгілері туралы таныстырылымдар өтті;
- «Менің елімнің валютасы – менің мақтанышым» тақырыбында сурет және коллаж байқауы ұйымдастырылды;
- Оқушылар викториналар мен сұрақ-жауап ойындарына белсенді қатысты.

Жеткен нәтиже:

Оқушылар ұлттық валютаның тарихы мен мәнін терең түсініп, оның тәуелсіз елдің басты нышаны екенін ұғынды. Ақшаға ұқыптылық пен экономикалық сауаттылық қалыптасты. Қауіпсіздік сабағында оқушылар заң алдындағы жауапкершілік жасы мен құқық бұзушылықтың салдарын түсінді, құқықтық сауаттылығы мен өзіндік жауапкершілігі артты. Барлық оқушылар белсенділік танытып, пікірталасқа қатысып, өз ойларын еркін жеткізе білді.

Қорытынды:

«Қазақстанның Теңге күні» мерекесіне арналған сынып сағаттары жоғары деңгейде ұйымдастырылды, тәрбиелік және танымдық маңызы зор іс-шара болды.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы 

Күні: 15.11.2025 ж.

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Күзгі асар» көрмесі

«Жайсаң арнайы білім беру ұйымы»КММ

Жоба: «Еңбегі адал – жас өрен»

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында «Күзгі асар» атты көрме ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, табиғат сыйын қадірлеуге, ұлттық дәстүрлер мен қолөнерге деген қызығушылығын арттыру, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Көрмеге ұйымның класс жетекшілері, тәрбиешілері, еңбек пәні мұғалімдері және оқушылар белсене қатысты. Оқушылар өз қолдарымен күзгі табиғи материалдардан жасалған бұйымдар, қолөнер туындылары, көркем безендірілген композициялар ұсынды. Сонымен қатар, еңбек пәні мұғалімдері мен тәрбиешілердің басшылығымен дайындалған түрлі бұйымдар мен сәндік өнер үлгілері көрмеде ерекше көзге түсті.

Іс-шара барысында қатысушылар бір-бірімен тәжірибе алмасты, еңбек дағдыларын шыңдады және өз еңбектерін көпшілік назарына ұсыну арқылы мақтаныш сезіміне бөленді. Көрменің мазмұны мен безендірілуі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, барлық қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Іс-шара соңында белсенді қатысқан сыныптар мен оқушылар мақтау қағаздарымен және алғыс хаттармен марапатталды.

Қорытынды:

«Күзгі асар» көрмесі – оқушылардың еңбекқорлығын, шығармашылық қабілетін және табиғатты сүю мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды тәрбиелік іс-шара болды.

Жауапты: ДТЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы Тегисбаева Г.Т.

АНЫҚТАМА

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету жобасы аясында «Отбасындағы үйлесімділіктің кілті – сенімді қарым-қатынас» тақырыбында 1–4 сынып оқушыларының ата-аналарымен бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Аталған іс-шаралар білім алушылардың отбасындағы психологиялық ахуалды нығайту, ата-аналар мен балалар арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыру, сондай-ақ ата-аналардың тәрбиелік құзыреттілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Жұмыстарға 1–4 сынып жетекшілері, педагог-психолог және әлеуметтік педагог бірлесе қатысып, ата-аналармен қашықтан байланыс орнату мақсатында WhatsApp желісі тиімді пайдаланылды. WhatsApp топтары арқылы тақырыптық ақпараттар, кеңестер, бейнематериалдар мен ұсынымдар жіберіліп, кері байланыс ұйымдастырылды.

Сонымен қатар ата-аналардың отбасындағы қарым-қатынас деңгейін, бала тәрбиесіндегі көзқарастарын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Педагог-психолог тарапынан тренинг элементтері қолданылып, әлеуметтік педагог ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетіп, қажетті кеңестер берді.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артып, отбасындағы өзара түсіністік пен сенімді қарым-қатынастың маңыздылығы туралы түсініктері кеңейді. Ата-аналар тарапынан оң пікірлер мен белсенді кері байланыс байқалды.

Осылайша, «Отбасындағы үйлесімділіктің кілті – сенімді қарым-қатынас» тақырыбындағы іс-шаралар өз мақсатына жетіп, ата-аналармен жүргізілетін педагогикалық қолдау жұмыстарының тиімділігін көрсетті.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы



Анықтама

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында ата-аналарды педагогикалық қолдау жобасы аясында 2025 жылы қараша айында 5–9 сынып оқушыларының ата-аналарымен «**Бала жүрегіне жол табу – ата-ананың міндеті**» тақырыбында психологиялық-педагогикалық іс-шаралар өткізілді.

Аталған іс-шаралар сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен, мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың қатысуымен жүзеге асырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту, отбасындағы психологиялық ахуалды жақсарту және ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.

Іс-шара барысында 5–9 сынып ата-аналары арасында **WhatsApp мессенджері арқылы сауалнама жүргізіліп**, түрлі бағыттағы сұрақтар ұсынылды. Сауалнама сұрақтары ата-аналардың балаға деген қарым-қатынасы, тәрбиелеу әдістері, баланың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлуі, мектеппен байланысы және баланың ішкі жан дүниесін түсіну деңгейін анықтауға бағытталды.

Сонымен қатар ата-аналарға:

- «Баланы тыңдай білу қаншалықты маңызды?»
 - «Балаңызбен күнделікті қарым-қатынасыңыз қалай жүзеге асады?»
 - «Бала жүрегіне жол табу үшін ата-ана не істеу керек?»
- сияқты ой қозғайтын сұрақтар қойылып, пікір алмасу ұйымдастырылды.

Сауалнама қорытындысы бойынша кейбір ата-аналар балаға жеткілікті деңгейде көңіл бөлу, оны тыңдау және қолдау көрсету мәселелеріне ерекше назар аудару қажеттігін түсінді.

Іс-шара нәтижесінде ата-аналар психологиялық кеңестермен танысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Психолог пен әлеуметтік педагог ата-аналарға баламен тиімді қарым-қатынас орнату, қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау жөнінде ұсыныстар берді.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы



АНЫҚТАМА

«Жайсаң арнайы білім беру ұйымы»КММ

Жоба: «Бірлік пен ынтымақ»


Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес **«Бірлік пен ынтымақ» құндылығын насихаттау мақсатында** барлық сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді.

Сынып сағаттарының негізгі мақсаты – білім алушылардың бойында бірлік, ынтымақ, өзара сыйластық, толеранттылық және азаматтық жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру, ұжымда достық қарым-қатынасты нығайту болды. Сабақ барысында оқушыларға бірлік пен ынтымақтың қоғамдағы және күнделікті өмірдегі маңызы түсіндіріліп, түрлі тәрбиелік әңгімелер, пікір алмасулар және көрнекі материалдар қолданылды.

Сонымен қатар, сынып сағаттарын өткізу барысында **10 минуттық қауіпсіздік сабағы** ұйымдастырылды. Қауіпсіздік сабағында білім алушыларға өмір қауіпсіздігі ережелері, мектептегі және көшедегі қауіпсіз мінез-құлық, төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстау жолдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттілігі ескертіліп, нақты мысалдар арқылы түсіндірілді.

Өткізілген сынып сағаттары білім алушылардың тәрбиелік деңгейін арттыруға, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға және бірлік пен ынтымақ құндылығын терең түсінуге ықпал етті. Іс-шара барлық сыныптарда жоғары деңгейде өткізіліп, өз мақсатына жетті.

Жауапты: ДТЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы 

Анықтама

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында облыстық жоспар негізінде жүзеге асырылып жатқан «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектеп кітапханашысы мен тәлімгерлердің бірлесуімен «Бір отбасы – бір кітап» атты байқау өткізілді.

Аталған байқаудың негізгі мақсаты – білім алушылар мен олардың ата-аналары арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, отбасылық құндылықтарды нығайту, бала тәрбиесінде кітаптың маңызын көрсету, сондай-ақ оқырмандық мәдениетті қалыптастыру.

Байқауға білім алушылар қатысып, алдын ала тандалған бір көркем шығарманы оқып, оның мазмұны бойынша пікір алмасып, өз ойларын шығармашылық тұрғыда ұсынды. Қатысушылар кітап мазмұнын айту, сурет салу, презентация және кинолар көрді әртіүрлі ойындар ойнатылды.

Іс-шара барысында қатысушылардың шығармашылық қабілеттері, кітапты түсіну деңгейі артты.

Өткізілген байқауда мұғалімдер мен балалар арасындағы рухани байланысты нығайтып, оқу дәстүрін қалыптастыруға оң ықпал етті. Сонымен қатар, бұл іс-шар оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін дамытуға мүмкіндік берді.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы



Анықтама

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында «Қамқор» жобасы аясында «Табиғатқа қамқор жасаймыз» атты мектеп пен сыныптардағы тазалықты қолдау акциясы ұйымдастырылды.

Аталған акцияның мақсаты – білім алушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыру, табиғатты аялауға, тазалық сақтауға тәрбиелеу, мектеп ішіндегі және сынып бөлмелеріндегі тазалықты сақтау мәдениетін қалыптастыру.

Осы акцияға байланысты барлық сынып жетекшілері сынып сағаттарын өткізді. Сынып сағаттары барысында оқушыларға:

- табиғатты қорғаудың маңыздылығы;
- мектеп пен сынып тазалығын сақтау;
- қоқысты дұрыс жинау және сұрыптау;
- экологиялық мәдениет пен ұқыптылық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сынып сағаттары интерактивті әңгіме, сұрақ-жауап, пікір алмасу, көрнекілік материалдар қолдану арқылы өтті. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды, тазалықты сақтау бойынша ұсыныстарын айтты.

Аталған іс-шара оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға, ұжымдық жауапкершілікті қалыптастыруға және табиғатқа жанашырлықпен қарауға оң ықпал етті.

Барлық сынып сағаттары жоғарғы деңгейде өтті.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы  _____

Анықтама

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай барлық сыныптарда «Тәуелсіздік негізі – бірлік және ынтымақ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттарының негізгі мақсаты – білім алушыларға Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы мағлұмат беру, ел тарихына құрмет сезімін қалыптастыру, бірлік пен ынтымақтың маңызын түсіндіру, отансүйгіштікке, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында сынып жетекшілері Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері, ел бірлігі мен халықтар достығы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар, сынып сағаттары аясында білім алушыларға арналған қауіпсіздік сабақтарына ерекше назар аударылды. Қауіпсіздік сабақтарында күнделікті өмірде, мектеп ішінде және қоғамдық орындарда қауіпсіз мінез-құлық ережелері, төтенше жағдайлардың алдын алу, жеке қауіпсіздікті сақтау мәселелері қарастырылды.

Сынып сағаттары барысында бейнематериалдар көрсетіліп, сұрақ-жауап, пікір алмасу жұмыстары жүргізілді. Білім алушылар тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытты.

Аталған сынып сағаттары жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, тәрбиелік маңызы жоғары деңгейде өтті.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы _____



Анықтама

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» тақырыбында тәрбиелік-танымдық іс-шара өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – білім алушыларға тәуелсіздіктің мәні мен маңызын түсіндіру, ел тарихына деген құрметті арттыру, отансүйгіштік пен азаматтық жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен салтанатты түрде ашылды. Бағдарлама барысында оқушылар Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолы, ел жетістіктері мен ұлттық құндылықтар туралы мағлұматтар алды. Патриоттық бағыттағы өлеңдер оқылып, мазмұнды ой-пікірлер айтылды. Сонымен қатар әртүрлі интеллектуалдық сайыстар өткізілді.

Іс-шара соңында оқушылар мен ұжым қызметкерлері бірлесе отырып «Атамекен» әнін хормен орындады. Бұл ән қатысушылардың туған елге деген сүйіспеншілігін, бірлік пен ынтымақты айқын көрсетті.

Аталған іс-шара білім алушылардың патриоттық тәрбиесін нығайтып, ұлттық рухты көтеруге зор ықпал етті.

Жауапты: ДТІЖО Тегисбаева Г.Т.

Қолы  _____

Анықтама

Жайсаң арнайы білім беру ұйымында жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында, атап айтқанда ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық-зомбылықтың алдын алу, буллингтің алдын алу және “Буллингтен қорған” жобасы аясында кешенді профилактикалық іс-шаралар өткізілді.

Аталған іс-шаралар мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтың бірлесуімен ұйымдастырылып, білім алушылардың психологиялық саулығын нығайтуға, көптеген білім беру шараларына